

майда (6 мм аз); күлдің мөлшері бойынша – аз күлді (күлі 0,5% дейін), орташа күлді (0,5-0,8%), жоғары күлді (0,8% жоғары).

Электродтар өндірісінде қолданылатын кокс қосымша өңдеуге – арнайы пештерде 1200-1300°C кезінде күйдіруге түседі. Коксті күйдіру МӨЗ-ден немесе тұтынушыдан алғаннан соң тікелей жүргізіледі. Күйдіру кезінде ұшқыш заттар бөлінеді, электрлік кедергі төмендейді, шөгү құбылысы жойылады. Алюминий және электродты зауыттардағы күйдіру пештері бөлшектерінің өлшемі 25 мм жоғары болатын кокске арналған; ал бұл пештерде баяу кокстеу коксінің 50%-ын құрайтын кокстің ұсақ қоқымдарын күйдіруге болмайды. Ұсақ кокс қоқымдарын күйдіру үшін қазір, бұрын тақта тас өңдейтін мекемелерде жанғыш тақта тастан жасанды газ алу үшін қолданылатын, камералық пештер пайдаланылады.

2.6.2. Баяу жүретін кокстеу қондырғысының технологиялық сұлбасы мен жұмыс режимі

Технологиялық сұлбасы. Қондырғы сұлбасы 17-суретте келтірілген. Кокстеу шикізаты *H-1* сорғысымен *П-1* және *П-2* пештері арқылы *K-1* ректификациялық мұнарасының жоғарғы каскадтық тәрелкесіне беріледі. Термиялық крекинг мұнарасының конструкциясына ұқсас, *K-1* мұнарасының төменгі каскадтық тәрелкесі астынан реакциялық камералардан кокстеу өнімдерінің ыстық буларын жібереді. Температурасы шамамен 430°C болатын булар аса қызбаған шикізатпен жанасуы есебінен шикізат қыздырылады. Бұл кезде булардың бір бөлігі конденсацияланады. Кокстеудің конденсацияланған өнімдері рециркулят болып табылады, бастапқы шикізатпен бірге олар *K-1* түбінен, құбырлы пештердің радиантты бөлігінде орналасқан, реакциялық жыланшаларға қарай кетеді.

Пештерде шикізат кокстеудің басталу температурасына дейін (500-510°C) қыздырылады және төменгі тиейтін штуцер арқылы реакциялық камераға түседі.

Қондырғыда жұп-жұбымен, бір-біріне тәуелсіз жұмыс жасайтын төрт камера бар. Камералардың әрбір жұбын қондырғыны сөндірмей, жөндеуге тоқтатуға болады. Шикізат *П-2*-ден *P-1* немесе *P-2* кокстеу камерасына беріледі, ал *П-1* пештен *P-3* немесе *P-4* камерасына беріледі.

Камералардан реакция өнімдері *K-1* ректификациялық мұнараға бағытталады. Мұнараның төменгі бөлігі каскадты тәрелкелермен, жоғары бөлігі ректификациялық тәрелкелермен жабдықталған. Мұнараның жоғарғы бөлігінде реакция өнімдерінің фракцияларға бөлінуі жүреді.